

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Салымшылар ИПБ өзгерте бастады

БЖЗҚ 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша есептік деректерді келтірді

Тұрғын үйге

2021 жылғы қаңтардан бастап **2023 жылғы 1 сәуірдегі** жағдай бойынша уәкілетті оператор-банктерде ашылған қазақстандықтардың арнайы шоттарына БЖЗҚ-дан тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін шамамен **3,2 трлн теңге** аударылды. Осылайша Қор салымшылар мен алушылардың **1 355 921** өтінішін орындады. Бір өтініш бойынша алынған орташа сома шамамен 2,4 млн теңгені құрайды. Айта кету керек, бірегей өтініш берушілердің саны **691 204 адам** болды. Бұл дегеніміз, көптеген салымшылар мен алушылар тұрғын үй жинақтарын бірнеше рет пайдалану мүмкіндігін пайдаланды.

Қордың enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" бөлімінде отандастарымыздың қандай мақсаттарға біржолғы зейнетақы төлемдерін, оның ішінде өңірлер бөлінісінде (тиісінше "Мақсаттар бойынша біржолғы зейнетақы төлемдері" және "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емдеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімшелері) пайдаланатыны туралы ақпарат ай сайын жаңартылып отырады.

Орындалған өтініштердің ұсынылған статистикасын талдай отырып мыналарды атап өтуге болады:

Аталған сомалардың 64,3% қазақстандықтар азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) және жеке тұрғын үй салуға (меншігінде жер телімі болған жағдайда) жіберуді жоспарлап отыр.

Пайдаланылған зейнетақы ақшасының 12,9% салымшылар (алушылар) тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша бағдарламаларға жіберді.

Аударылған соманың 12,1% ипотекалық бағдарламаларға жұмсалды (бастапқы жарнадан бастап ипотекалық қарызды толық өтеуге дейін).

Аударылған соманың 8,3% одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымдар болып табылады.

Пайдаланылған зейнетақы жинақтарының 2% астамы басқа мақсаттарға жұмсалды (кейіннен сатып алу арқылы тұрғын үйді ұзақ мерзімді жалға алу, құрылыс үшін тұрғын үй телімін сатып алу және т.б.).

БЖЗҚ орындаған өтініштер бойынша статистиканың келтірілгеніне назар аударамыз. Уәкілетті операторлар жағында қазақстандықтардың мақсаттары өзгеруі не қаражат салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) қайта оралуы мүмкін. **466,8 млрд теңге** өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде біржолғы зейнетақы төлемдерінің пайдаланылмауына байланысты уәкілетті операторлардан салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-на бүкіл кезең ішінде қайтарылды.

Емдеу үшін

2021 жылғы қаңтардан бастап **2023 жылғы 1 сәуірдегі** жағдай бойынша БЖЗҚ жалпы сомасы **329,1 млрд теңгеге** емдеуге байланысты **410 197 өтінішті** орындады. Емделуге алынған қаражаттың орташа сомасы шамамен 0,8 млн теңге. Бірегей өтініш берушілер саны - шамамен **300 мың** адам. Осылайша, ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтары бар кейбір салымшылар мен алушылар алу мүмкіндігін бірнеше рет пайдаланды.

Зейнетақы жинақтары алуға бағытталған ең танымал медициналық қызмет стоматология болып табылады. Орындалған мәлімдемелердің 90% астамында дәл осы мақсат көрсетілген.

Сонымен қатар, салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-на БЖЗҚ-ға уәкілетті оператордан ("Отбасы банк "тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ) **32,9 млрд теңге** қайтарылды. Бұл қаражат өтініш берушінің өтініші және өзге де себептер бойынша заңнамада белгіленген мерзімде пайдаланылмаған.

Емдеуге арналған зейнетақы жинақтарын пайдалану бойынша өзекті статистикамен enpf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" - Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емдеуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері" бөлімінде танысуға болады.

Жеке басқаруға

Инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) **2023 жылғы 1 сәуірдегі** жағдай бойынша барлық кезеңде **5 957 өтініш** негізінде **8,8 млрд теңге** аударылған. Бірегей өтініш берушілердің жалпы саны 3 421 адам, яғни жинақтарының бір бөлігін бірнеше басқарушы компанияларға беруге шешім қабылдаған осынша салымшылар бар. Аударымның орташа сомасы шамамен **1,5 млн теңге**.

Бұл ретте инвестициялық табысты ескере отырып, ИПБ басқаруындағы қаражаттың жалпы көлемі шамамен **9,6 млрд теңге**.

2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша нарықта бес ИПБ жұмыс істейді: "Jusan invest" АҚ, "BCC Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "Halyk Finance" АҚ. Сіз олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде біле аласыз.

Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру бойынша толық статистика да enpf.kz сайтындағы қолжетімді "Көрсеткіштер" - "Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру" бөлімінде қолжетімді.

Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы активтерін ИПБ сенімгерлік басқаруға бастапқы бергеннен кейін салымшы **жылына бір реттен жиі емес** мерзімде БЖЗҚ-ға өзінің зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-ден екінші ИПБ-ге сенімгерлік басқаруға өтініш беруге құқылы. Өткен жылдан бастап салымшылар бұл мүмкіндікті пайдаланып, 62 өтініш беруші осы құқықты пайдаланды: 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ жалпы сомасы 302 млн теңгеге бір ИПБ-ден екіншісіне ауысуға 87 өтінішті орындады.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан зейнетақы активтерін алғаннан кейін ИПБ оларды ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы №10 қаулысымен бекітілген және ИПБ Инвестициялық декларациясында көзделген инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында көрсетілген рұқсат етілген қаржы құралдарына инвестициялайды.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңға сәйкес ИПБ инвестициялық басқару үшін комиссиялық сыйақы алуға құқылы. ИПБ сыйақысының шекті шамасы алынған инвестициялық табыстың 7,5% аспауға тиіс. Комиссиялық сыйақының нақты шамасын жыл сайын ИПБ басқару органы бекітеді және ол жылына бір реттен жиі емес өзгеруі мүмкін.

2023 жылға арналған ИПБ комиссиялық сыйақысы туралы өзекті ақпарат enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" - "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінде орналастырылған.

Сондай-ақ, салымшылардың ИПБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы жинақтарын Ұлттық банктің сенімгерлік басқаруына қайтару туралы БЖЗҚ-ға өтініш беруге құқықтары бар. Бірақ кері қайтару зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруға бастапқы бергеннен кейін **екі жылдан ерте** мерзімде емес. ИПБ-ге ауысу 2021 жылдың ақпан айында басталғандықтан, ҚР ҰБ сенімгерлік басқаруына ауысуға берілген өтініштер БЖЗҚ-ға енді ғана түсе бастады. 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 90 өтініш өңделуде.

Бұдан басқа, салымшы зейнетақы жасына жеткенге дейін 10 күн бұрын салымшының зейнетақы жинақтары Ұлттық Банктің инвестициялық басқаруына автоматты түрде қайтарылады. Осыған орай 1 сәуірдегі жағдай бойынша БЖЗҚ статистикасы салымшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кету немесе қайтыс болу салдарынан 33 млн теңге

мөлшеріндегі зейнетақы жинақтарының ИПБ сенімгерлік басқаруынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына автоматты түрде қайтарылғандығын көрсетті. 2021 жылы 8,4 млн теңге қайтарылса, 2022 жылы шамамен 24,5 млн теңге қайтарылды. Ал 2023 жылы автоқайтарымдар тіркелген жоқ.

Зейнетақы жинақтары Ұлттық банктің басқаруында болған кезеңде салымшы зейнет жасына жеткенге дейін инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік қолданылады. Зейнетақы жинақтарын ИПБ сенімгерлік басқаруына аудару кезінде мемлекеттің кепілдігі басқарушы компанияның зейнетақы активтері кірістілігінің ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі кепілдігімен ауыстырылады. Ол нарықта қолданыстағы ИПБ басқаруға берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген кірістілігі негізге алына отырып есептеледі.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)